

**"Көмірсутектер кен орнын (кен орындарының тобын, кен орнының бір бөлігін) рентабельділігі төмен, тұтқырлығы жоғары, су басқан, дебиті аз және игерілген санатқа жатқызу қағидаларын және пайдалы қазбаларды өндіру салығы бөлігінде салық салу тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 18 сәуірдегі № 204 қаулысына толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 14 шілдедегі № 566 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Көмірсутектер кен орнын (кен орындарының тобын, кен орнының бір бөлігін) рентабельділігі төмен, тұтқырлығы жоғары, су басқан, дебиті аз және игерілген санатқа жатқызу қағидаларын және пайдалы қазбаларды өндіру салығы бөлігінде салық салу тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 18 сәуірдегі № 204 қаулысына мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Көмірсутектер кен орнын (кен орындарының тобын, кен орнының бір бөлігін) рентабельділігі төмен, тұтқырлығы жоғары, су басқан, дебиті аз және игерілген санатқа жатқызу қағидаларында және пайдалы қазбаларды өндіру салығы бөлігінде салық салу тәртібінде:

22-тармақ мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы тармақтың үшінші бөлігінде көрсетілген, қала құраушы заңды тұлғалардың тізбесіне енгізілген жер қойнауын пайдаланушыларға осы Қағидалардың 14-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген шарт қолданылмайды."

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*Ә. Смайылов*